

ЖАҒАНДАНУ МЕН ЦИФРЛАНДЫРУ ЗАМАНЫНДА ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ САҚТАУ

Сәуірбай Гүлназ Ерболқызы

Gulnazsairbay1@gmail.com

«Журналистика және ақпарат» бағдарламасының 4 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, сеньор-лектор, магистр - Нұрланова Н.Н.

Қазіргі ХХІ ғасыр – технологиялық революция мен ақпараттық ағындардың үстемдік құрған кезеңі. Әлем елдері арасындағы шекаралар шартты сипатқа ие болып, мәдениеттер, ақпараттар мен идеялар еркін алмасатын жаһандық кеңістік қалыптасты. Бұл өзгерістердің негізгі қозғаушы күштері – жаһандану мен цифрландыру. Осы екі үдеріс адамзат өркениетінің дамуына тың серпін бергенімен, ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтау мәселесін де алдыңғы қатарға шығарды.

Қазақстан да бұл жаһандық үдерістерден тыс қалған жоқ. Елдің стратегиялық даму бағытында цифрлық технологияларды енгізу, жасанды интеллектіні пайдалану, ақпараттық инфрақұрылымды дамыту маңызды міндеттер ретінде қарастырылуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында цифрландыру мен технологиялық жаңғыру ел дамуының негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтті [1]. Алайда технологиялық прогрестің қарқыны ұлттық мәдениеттің сақталуына қатысты күрделі сұрақтар туындатады. Бұл мақаланың мақсаты – жаһандану мен цифрландырудың Қазақстан қоғамындағы ұлттық болмысқа әсерін ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау және оны сақтаудың тиімді механизмдерін ұсыну.

Жаһандану – әлем мемлекеттерінің экономикалық, саяси, мәдени және ақпараттық тұрғыдан өзара тығыз байланысқа түсу процесі. Бұл үдеріс халықтарды жақындастырып, түрлі мәдениеттердің бір-бірімен ықпалдасуына мүмкіндік береді. Әйгілі әлеуметтанушы Мануэль Кастельс өзінің «Ақпараттық дәуір: экономика, қоғам және мәдениет» атты іргелі еңбегінде ақпараттық қоғамда желілік құрылымдардың қалыптасып, мәдени ықпалдастықтың бұрын-соңды болмаған дәрежеде күшейетінін көрсетті [3]. Кастельс бойынша, ақпараттық технологиялар тек экономикалық өсудің ғана емес, сонымен бірге мәдени коды өзгертудің де негізгі құралына айналады.

Осының нәтижесінде адамдар шетелдік өмір салтын, мәдениетін, құндылықтарын тез қабылдай бастайды. Әсіресе жастар арасында бұл құбылыс айқын байқалады. Бір жағынан, бұл – заман талабы. Алайда бұл үдерістің екінші қыры да бар: ұлттық тілдің қолданыс аясының тарылуы, дәстүрлі құндылықтардың әлсіреуі, мәдени ерекшеліктің көмескіленуі. Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінде ұлттық сананы жаңғыртудың маңызын ерекше атап өтіп, "бәсекеге қабілетті ұлт болу үшін өзіміздің мәдени кодымызды сақтауымыз керек" деген тұжырым жасады [4].

Цифрландыру – ақпаратты сандық форматқа көшіру және оны сақтау, өңдеу, тарату үдерісі. Қазіргі кезеңде цифрландыру тек технологиялық өзгеріс емес, сонымен қатар қоғамның мәдени және әлеуметтік құрылымына ықпал ететін мета-факторға айналды. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұсынған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында: "Цифрлық трансформация – мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып қана қоймай, қоғамдық қатынастардың жаңа форматын қалыптастырады" деп көрсетілген [2].

Гуманитарлық тұрғыдан алғанда, ұлттық болмыс – бұл тек тіл немесе дәстүр ғана емес. Ол – халықтың дүниетанымы, тарихи жады, мәдени коды, рухани құндылықтары.

Қазақ ұлттық мәдениетін ғылыми тұрғыдан зерттеудің негізін салушылардың бірі – Шоқан Уәлиханов. Оның еңбектерінде қазақ халқының шежіресі, эпостық жырлары, салт-дәстүрлері мен шаруашылық өмірі жан-жақты қамтылып, қазақ және қырғыз халықтарының рухани мәдениетіндегі ортақ белгілер мен өзіндік ерекшеліктер ғылыми тұрғыда тұңғыш рет айқындалды. Қазіргі зерттеулерде Уәлиханов мұрасын лингвомәдениеттану, этнография, фольклортану тұрғысынан қайта зерделеу жұмыстары жалғасуда [5].

Әлкей Марғұлан – археология, этнография, тарих, әдебиеттану салаларын тоғыстырған ірі ғалым. Оның еңбектерінде қазақ халқының мәдени-тарихи мұрасы, қола дәуірінен бастап қазіргі заманға дейінгі мәдени сабақтастық мәселелері зерттелген. Марғұланның археологиялық зерттеулері мен тарихи ескерткіштерді қорғау жөніндегі еңбектері ұлттық мәдениетті сақтаудың ғылыми негізін қалады [6].

Қазіргі таңда ұлттық мәдениетті сақтау мәселелері арнайы ғылыми жобалар аясында кешенді түрде зерттелуде. Осындай іргелі еңбектердің бірі – 2025 жылы жарық көрген «Күретамыр» монографиясы (авторлар: А.Ш.Жамашев, Д.Жомарт, Е.К.Мажен). Бұл еңбекте XIX-XX ғасырлардағы қазақ халқының рухани-мәдени мұрасы, дәстүрлері мен тарихи процестері жаңа тұрғыдан қарастырылып, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рухани мұраның рөліне ерекше назар аударылған [7].

Сондай-ақ этнограф Архам Ысқақовтың (1885-1962) «Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана» атты қолжазбасы қазақтың дәстүрлі өмір салтын, әдет-ғұрыптарын, тәрбиелік мәнін жан-жақты сипаттайтын бірегей дереккөз ретінде танылып, ҚР Мемлекеттік орталық музейі қоры негізінде ғылыми айналымға енгізілуде [8].

Қазақтың көрнекті жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов ұлттық мәдениетті сақтау әрбір азаматтың парызы екенін атап өткен [10]. Оның пікірінше, мәдениеттің сабақтастығы үзілсе, ұлттың өзі де тарих сахнасынан кетуі мүмкін.

Қазіргі цифрлық дәуірде бұл мәселе жаңа қырларымен көрініс табууда. Әлемдік БАҚ кеңістігінде ағылшын тілінің үстемдігі, батыстық тұтыну мәдениетінің кеңінен таралуы ұлттық мәдениеттерді шеткері ығыстыруда. Осы ретте ЮНЕСКО-ның "Мәдени жаһандану және бірегейлік" (Cultural Globalization and Identity) есебінде атап көрсетілгендей, мәдени әртүрлілікті сақтау – тек ұлттық емес, жаһандық міндет [9].

Қазақстандағы өңірлік БАҚ беттерінде де цифрландырудың осынау екі жақты әсері жиі талқыланып келеді. Атырау газеті сайтында жарияланған материалдардың бірінде 2026 жылдың «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялануы елдегі технологиялық дамудың жаңа кезеңге өткенін көрсетеді [11]. Бұл бастама цифрлық инфрақұрылымды жетілдірумен қатар, қоғам санасын жаңғыртуға бағытталған. Яғни, цифрландыру тек техникалық құрал емес, ол – ұлттық дамудың стратегиялық бағыты ретінде танылады.

Сонымен қатар осы басылымда цифрландыру мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырып, халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға ықпал ететіні атап өтіледі [12]. Бұл – цифрлық технологиялардың күнделікті өмірге толық енгенінің дәлелі. Электронды үкімет порталы, онлайн қызметтер, цифрлық құжат айналымы сияқты жүйелер уақытты үнемдеп, тиімділікті арттырды. Алайда осындай қарқынды өзгерістер ұлттық болмысқа да әсер етуде. Әсіресе ақпараттық кеңістікте шетелдік контенттің басымдығы байқалады. Бұл жағдай отандық мәдени өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттігін көрсетеді.

Ұлттық деңгейдегі беделді басылымдардың бірі «Егемен Қазақстан» газеті де қоғамдағы әлеуметтік-мәдени үдерістерді кеңінен талдап келеді. Басылым беттерінде ел өңірлерінің дамуы, мәдени саясат, ұлттық құндылықтар мәселелері жиі көтеріледі. Мысалы, өңірлік даму туралы жарияланымдарда экономикалық өзгерістермен қатар мәдени кеңістіктің де трансформациясы жүріп жатқаны көрсетіледі [13]. Бұл деректер бізге цифрландыру мен жаһанданудың Қазақстанның барлық өңірлерінде біркелкі жүріп жатқанын, бірақ оның әсерінің әртүрлі екенін байқатады.

Цифрлық кеңістікте ұлттық мәдениетті сақтаудың тиімді жолдарының бірі – медиа арқылы насихаттау. Қазіргі таңда Instagram, TikTok, YouTube платформаларында қазақ тіліндегі контент жасаушылар көбейіп келеді. Бұл контенттердің қатарында ұлттық тағамдарды таныстыратын видеолар, салт-дәстүрді түсіндіретін қысқа роликтер, қазақ тілін үйрететін блогтар бар. Бұл – дәстүрлі мәдениеттің жаңа форматта жалғасуы. Бұрын тек кітап немесе ауызша таралған дүниелер енді цифрлық өнімге айналып, миллиондаған аудиторияға жол табуда.

Осыған байланысты ғалым Г.Әбдірайымованың «Цифрлық антропология» атты зерттеуінде: «Жаңа медиа дәстүрлі мәдениеттің трансляциялану механизмін түбегейлі өзгертті. Қазір мәдени мұраны жастарға жеткізудің ең тиімді жолы – оны олардың күнделікті пайдаланатын цифрлық ортасына интеграциялау» [14] деген тұжырым жасалады.

Сонымен қатар цифрлық архивтердің дамуы да маңызды. Қазақстанның ұлттық кітапханалары мен мұрағаттары тарихи мұраларды сандық форматқа көшіріп, көпшілікке қолжетімді етуде. ЮНЕСКО деректерінде мәдени мұраны цифрландыру оның сақталуы мен таралуына мүмкіндік беретіні көрсетілген [9]. Бұл процесс мәдени мұраны физикалық жойылу қаупінен сақтап қана қоймай, оны әлемдік аудиторияға танытуға да септігін тигізеді.

Жаһандану жағдайында тағы бір маңызды мәселе – тіл. Әріптес Лотманның семиосфера теориясы бойынша, тілдің өміршеңдігі оның ақпараттық кеңістіктегі орнына тікелей байланысты. Егер тіл цифрлық ортада қолданылмаса, оның қолданыс аясы тарылып, семиотикалық маңызы төмендейді. Сондықтан қазіргі таңда қазақ тілін IT саласына енгізу, жасанды интеллект жүйелеріне бейімдеу маңызды бағытқа айналып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық болмысты сақтау үшін тек дәстүрді қорғау жеткіліксіз. Оны заманауи технологиялармен үйлестіру қажет. Қазақ тіліндегі мобильді қосымшалар, ұлттық ойындардың цифрлық нұсқалары, онлайн білім беру курстары сияқты құралдар жастарды ұлттық мәдениетке жақындатудың тиімді тетіктері бола алады.

Қазақстанның цифрлық трансформациясы мемлекеттік басқарудан білім беруге, денсаулық сақтаудан мәдениетке дейінгі барлық саланы қамтыды. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында елімізде 200-ден астам цифрлық сервис іске қосылды. Алайда бұл үдеріс мәдени өзгерістерге де әкелді.

Қазақстан Республикасында 2025 жылдың қаңтар айының статистикасы бойынша көпшілікке қолжетімді 3920 кітапхана бар екен. Мысалы, бұрын кітапханалар мен клубтарда жүзеге асқан мәдени іс-шаралар қазір онлайн форматқа көшті. Бұл бір жағынан қолжетімділікті арттырса, екінші жағынан тікелей байланыс пен салт-дәстүрдің тірідей орындалуын азайтты. Ата-ана мен бала арасындағы мәдени сабақтастықта цифрлық делдалдар пайда болды.

Әлеуметтанушы М.Шайхыметовтің зерттеуі бойынша, қазақстандық жастардың 70%-дан астамы мәдени ақпаратты әлеуметтік желілерден алады. Осының арқасында ұлттық мәдениеттің бейнесі қайта құрылып жатыр. Бұл процесс стихиялы түрде жүріп жатқандықтан, оны басқару және бағыттау қажеттілігі туындайды [15].

Қорытындылай келе, жаһандану мен цифрландыру – тоқтатуға болмайтын объективті үдерістер. Олар қоғамның дамуына жаңа мүмкіндіктер әкеледі. Алайда бұл үдерістер ұлттық болмысқа қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан ең басты міндет – осы өзгерістерге бейімделе отырып, ұлттық құндылықтарды сақтап қалу.

Цифрландыру мен жаһандану қазіргі қазақстандық қоғамның даму векторын айқындап отыр. Бұл үдерістер экономикалық тиімділік пен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етіп, мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттырды. Дегенмен, олардың мәдени саладағы әсері екіұшты.

Бір жағынан, цифрлық технологиялар ұлттық мәдениетті сақтауға, оны жаңа форматта таратуға және жаһандық аудиторияға жеткізуге мүмкіндік береді. Екінші

жағынан, ақпараттық кеңістіктегі батыстық контенттің үстемдігі, тілдік және мәдени ассимиляция қаупі ұлттық болмыстың эрозиясына әкелуі мүмкін.

Ұлттық болмыс – өткеннің сарқыншағы емес, ол – болашақтың негізі. Егер қоғам өз мәдениетін, тілін, дәстүрін сақтай алса, онда ол кез келген жаһандық өзгерістерге төтеп бере алады. Ал цифрландыру осы жолда тиімді құралға айналуы тиіс. Демек, ұлттық рухты сақтай отырып, заман талабына сай даму – бүгінгі қоғамның басты міндеті.

Мемлекет тарапынан мәдени саясатты қалыптастыруда цифрлық ортадағы ұлттық контентті қолдау, қазақ тілінің IT-ортадағы орнын нығайту, медиа сауаттылықты арттыру бағыттарындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажет. Сонда ғана біз жаһанданудың жағымды жақтарын пайдалана отырып, өзіміздің ұлттық болмысымызды сақтап, оны жаңа заманғы форматта дамыта аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2023.
2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2018.
3. Мануэль Кастельс. Ақпараттық дәуір: экономика, қоғам және мәдениет. – Алматы, 2010.
4. Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
5. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2019. – 384 б.
6. Марғұлан Ә. Қазақ халқының мәдени мұрасы: таңдамалы еңбектер. – Алматы: Алаш, 2020. – 456 б.
7. Жамашев А.Ш., Жомарт Д., Мажен Е.К. Күретамыр: ХІХ-ХХ ғасырлардағы қазақ халқының рухани-мәдени мұрасы. – Алматы, 2025. – 320 б.
8. Ысқақов А. Қазақтың өмірінде болған әдет, ғұрып, салт, сана: қолжазба. ҚР Мемлекеттік
9. UNESCO. Cultural Globalization and Identity. – Paris, 2019.
10. Әбдіжәміл Нұрпейісов. Ұлттық мәдениет және руханият. – Алматы, 2012.
11. Атырау газеті. «2026 жыл – цифрландыру және ЖИ жылы» мақаласы. – 2026.
12. Атырау газеті. Цифрландыру және мемлекеттік қызмет сапасы туралы материал. – 2026.
13. Егемен Қазақстан. Өңірлік даму және мәдени трансформация туралы мақала. – 2026.
14. Әбдірайымова Г. Цифрлық антропология: мәдениет және коммуникация. – Алматы, 2022.
15. Шайхыметов М. Қазақстан жастарының мәдени тұтынуы: цифрлық контекст // Әлеуметтану альманахы. – 2024. – №2. – Б. 45-52.